

Трактор паркі үздіксіз жұмыс істейтін болсын

Көктемгі егісті мезгілінде және агро-техникалық жоғарғы сапада аяқтап, бы-йыл егіннен тарихи ұлы жеңісімізге сай мол өнім алу үшін берік негіз жасау көбінесе трактор паркінің жұмысты тыңғылықты атқаруына байланысты. Өйткені ауыл шаруашылық жұмыстарының көпшілігі механизация күшімен істеледі. Сондықтан да әрбір МТС және совхоз коллективінен трактор мен машина паркінің өнімді, қалтқысыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету талап етіледі.

Тракторлардың өнімді жұмыс істеуі ең алдымен олардың жұмыс маусымына алдын-ала үлгілі әзірленуіне, сапалы жөнде-лініп, түрлі өзбездермен және қосалқы бөлшектермен жабдықталуына тікелей байланысты. Облысымыздың көптеген МТС-тары мен совхоздарының механизатор қызметкерлері бұған ерекше назар аударып, трактор және машина паркінің әгіске мол әзірлікпен кірісуін қамтамасыз етті. Осының нәтижесінде қазір, көктемгі егістің ең қауырт және шешуші кезеңінде бірталай МТС-тардың трактор бригадалары іс үлгісін көрсетуде.

Ленин ауданының Куйбышев атындағы МТС-ның коллективі республикамыздың 25 жылдығы хұрметіне ұйымдастырылған социалистік жарыста зор табысқа жетті. Бұл МТС егіс кезінде трактор-мен істелетін жұмыс жоспарын мерзімінен әлде қайда бұрын—102 процент орындады. Осы МТС-тың Лешкевич жолдас басқарған трактор бригадасы мен Конова МТС-ның Божко жолдас басқарған бригадасы көктемгі егісте үздік шықты. Сартомар МТС-ның «Үлгі» колхозындағы Жәкенов жолдас басқарған трактор бригадасы жұмыс жоспарын мерзімінен бұрын, жоғары сапада орындап, колхоздың көктемгі егісті қысқа мерзімде аяқтауын қамтамасыз етті. Мұнымен қатар, Петропавл МТС-ның № 1 және № 7 трактор бригадалары егіс кезінде трак-

дарын күту жұмысын жүргізуде тракторшыларға әсерлі көмек көрсетпей отыр. Көшпелі мастерскойлардың жұмысы да айтарлықтай емес. Тіпті кей жерлерде көшпелі мастерскойлар тек ғана қосалқы бөлшектер тасыйтын тасымал құралына айналдырылған. Бұған ең басты себеп кейбір МТС директорлары көшпелі мастерскойлар мен механиктердің жұмысына күнбе-күн бақылау жасамайды.

Күнделік жұмыс тапсырмасын және колхоздармен жасасқан шартты мінсіз орындау—әрбір МТС, трактор бригадасы үшін бұлжымас заң болып саналады. Дегенмен бұл шартты орындамаушылық көп кездеседі. Сартомар және Бейнетқор МТС-тарының басшылары трактормен істелген жұмыстың санына ғана мән бөліп, оның сапасына мүлде көңіл бөлмеген. Сөйтіп олар жұмыстың мүлде сапасыз болуына жол берген. Бұл егіннен мол өнім алу ісіне тікелей нұқсан келтіргендік болып табылады.

Бірталай трактор бригадаларында жұмыс өнімі мүлде мардымсыз болып отыр. Мәселен, Совет ауданындағы «Красное поле» колхозындағы трактор бригадасы осы уақытқа дейін жұмыс тапсырмасын небары 25 процент ғана орындады. Өйткені мұнда әрбір МТС тракторымен күніне 1—2 гектар ғана жер жыртылады. Айта кету керек, кейбір колхоздардың басшылары тракторлардың өнімді жұмыс істемеуіне өздері себепші болып отыр. Демек олар трактормен жыртылатын жер алаңын уақытылы белгілеп бермейді. Осының салдарынан кейде тракторлар едәуір уақытты босқа өткізеді. Мысалы, Октябрь ауданындағы «Гигант» колхозының басшылары отрядқа жер таңдап беру жұмысын 6 күнге созған. Сөйтіп 5 трактор бұл күндері жұмыс істемеген. Мамлют ауданындағы «Молодая гвардия» колхозына көшпелі

Колхозшылар мен колхозшы әйелдер, агрономдар, МТС-тар мен совхоздардың жұмысшылары мен жұмысшы әйелдер Көктемгі егісті үлгілі өткізіп, егіннен мол өнім алайық, елімізге азық-түлік пен шикі затты көп берейік, сөйтіп сүйікті Отанымыздың күш-қуатын барған сайын арттыра берейік!

Егіс жұмысының қарқыны шұғыл күшейтіліп, сапасы еселеп арттырылсын!

Облысымыздың егіс даласында

Аудандардың көктемгі егісті өткізудегі социалистік жарысы

Облыстық жер бөлімінің 16 майдағы мәліметі бойынша облыс колхоздарында 149448 гектар егіс егіліп, егіс жоспары 49,8 процент орындалды. Бір күнде 12000 гектар жерге тұқым себілу орнына, 7345 гектар жерге ғана тұқым себілді.

Тұқым себуге Ленин ауданының колхоздары екінші орыннан бірінші орынға шықты. Бұл ауданда 29060 гектар егіс егіліп, егіс жоспары 61,3 процент орындалды. Аудан колхоздары соңғы бір күнде 1840 гектар орнына 2196 гектар жерге тұқым сеңті. Ал, Октябрь ауданының колхоздары соңғы бір күнде 1760 гектар орнына, небары 1092 гектар жерге ғана тұқым сеуіп, бірінші орыннан екінші орынға түсіп қалды. Аудан колхоздары 26806 гектар егін егіп, жоспарын 61 процент орындады.

Егісте Петропавл ауданының колхоздары бұрынғыша үшінші орында келеді. Бұл ауданда егіс жоспары 53,3, Мамлют ауданында 50,1, Подудень ауданында 49 және Приешім ауданында 46 процент орындалды.

Егіс жоспарын орындауда әсіресе Конохов, Соколов, Преснов және Булаев аудандары кешіргісіз артта келеді. Конохов ауданында егіс жоспары 32,4 процент ғана орындалды. Ауданының колхоздары 15 май күні 337 гектар жерге ғана тұқым сеңті.

Ленин ауданының колхоздары жер жыртуда да алда келеді. Мұнда жер жырту тапсырмасы 57,9 процент орындалды. 15 майда аудан колхоздары 1120 гектар орнына, 2050 гектар жер жырты. Жер жыртуда Петропавл ауданы екінші орынға, Октябрь ауданы үшінші орынға, Приешім ауданы төртінші орынға және Совет ауданы бесінші орынға не болды.

Конохов, Соколов, Преснов және Булаев аудандарында жер жырту қарқыны мүлде баяулап кетті. Осының салдарынан облыс колхоздарында 15 май күні 8000 гектар орнына, 5491 гектар ғана жер жыртылды.

„Келімет“ колхозы

ХҰРМЕТ ТАҚТАСЫ

Қазақ ССР-ның 25 жылдығы атындағы социалистік жарыста көктемгі егісте үздік шыққан мына озаттар облыстық совет атқомі мен ҚК(б)П облыстық комитеті бюросының қаулысы бойынша облыстық хұрмет тақтасына жазылады:

Совет ауданындағы «ҮЛГІ» КОЛХОЗЫ (председателі Көменбаев, партия ұйымының секретарі Шәйкенова жолдастар). Колхоз көктемгі егіс жоспарын 14 май күні 101,7 процент орындады. Егіс жұмыстарының сапасы ойдағыдай болды. Қазір бұл колхоз жоспардан тыс егін өгуде.

Октябрь ауданының Ворошилов атындағы МТС-ның «Красное (знамя)» колхозындағы ТРАКТОР БРИГАДАСЫ (бригадирі Нестеров жолдас). Бұл бригада көктемгі егіс кезінде трактормен істелетін жұмыс жоспарын 15 майға дейін 122 процент орындады. Қазір жоспардан тыс егін өгуде.

Комсомол мүшелері мол өнім үшін күресте

Біздің колхоз көршілес Молотов атындағы колхозбен Қазақстанның 25 жылдығы атындағы бүкіл халықтық социалистік жарысқа түскен еді. Қазір көктемгі егіс кезінде біз алда келеміз. Колхозымыз да егіс жоспары 71 процент орындалды. Ал жер жырту жөніндегі тапсырманың 72 проценті орындалды.

Колхозымызда көктемгі егіс жұмыстары ойдағыдай жүргізіліп отырса, мұнда комсомол мүшелері мен жастардың зор үлесі бар. Рас, бізде комсомол ұйымы онша үлкен емес. Ұйымда бар болғаны 10 комсомол мүшесі бар. Бірақ біз осы аз күштің өзін жұмыстың орынды-орына пайдалана білуге күш жұмсадық. Комсомол мүшелері мен жастарды егіс жұмыстарына ұйымдасқан түрде аттандырдық. Олар колхозшылар арасында үгіт-көпшілік және социалистік жарыс жұмыстарының мейлінше өрістеуіне жаршы болды.

Комсомол мүшелерінен 7 адам тікелей егіс басында. Олар тракторшы және тір-кеуші болып жұмыс істеп жүр. Комсомол

сыяқты жас тракторшыларымыз қазірдің өзінде көктемде істелетін жұмыс тапсырмасын артығымен орындап шықты. Олардың әр қайсысы жұмсақ жерге айналдырғанда 63 гектардан жер жұмыстады. Осы сыяқты жас еспірім Шәкіжанов жолдас та көктемгі егіс кезінде жанқырлықпен жұмыс істеп, күнделік тапсырманы кемінде 140 процент орындап келеді. Жұырда көктемгі егістің бұл жас озаттарына колхоз басқармасы бағалы сыйлықтар берді.

Біздің колхоз енді 96 гектар жер жыртып, 100 гектарға тұқым себу керек. Бұл жұмысты ойдағыдай тыңдыру үшін, комсомол мүшелері мен жастар таң сәрі-ден қас қарайғанға дейін тынбай жұмыс істеп, еңбек өнімін еселеп арттыруда. Сөйтіп басқа колхозшыларға үлгі көрсетуде. Ал Сұлтанов және Садуақасова сыяқты үгітшілеріміз егіншілер арасында әсерлі үгіт жұмысын жүргізіп, оларды егісті 20 майға дейін қалайда аяқтап шығуға, сонымен республикамыздың 25

Мүмкіншіліктер толы пайдаланылсын

БОГОЛЮБОВО. (Өз тілшімізден). 1-қы күндері Қызылскер совхозында йылыстар мен мәслихаттар жиі-жиі-лып тұрады. Олардың әр қайсысында хоз директоры Глушков жолдас ең өзіндік жөнінде көп сөйледі. Бұл жер толып жатқан қаулылар қабылданып, Глушков жолдас кіммен өңгімел-де:

—Быйыл егісті қысқа мерзімде өзіміз, бұған сенімім зор,—дейтін бо-Көктем келді. Бірақ көктемнің ерт-луі Глушков жолдасқа оншалықты қойған жоқ. Неге десеңіз совхоз кө-гі егіске толық әзірлене алмаған-ды. Совхоз әпрелдің 10 кезінде көк-дала жұмыстарына кірісті. 12 тра-дың 7 тұқым сеңкіштің 2 және 21-қаның 10 ғана жұмысқа қосылды. хозда 290 жұмыс малы болса, мұ-108 ғана жұмысқа пайдаланылды.

Осының салдарынан қазір сов-егіс жұмысының қарқыны мүлде-болып отыр. 15 майға дейін мұнда 1-гектар орнына, 598 гектар жер жыр-тып, тапсырма 53,5 процент ғана о-далды. Ал 1416 гектар жерге тұқым-білу орнына, 570 гектар жерге ғана-қым себілді. Сөйтіп совхоз бір айда-мерзім ішінде егіс жоспарын 40,2-цент ғана орындады.

Көктемгі егісте әсіресе № 4 форма-тығы Яковлев жолдас, артта келеді. да күні осы уақытқа дейін небәрі-гектар жер жыртылып, 26 гектар ж-тұқым себілді. Бұл егіс жоспарының-процентіне де жетпейді. Фермада е-өнімі тіпті төмен. 3 көлік соқасымен-сайын 2—3 гектардан артық жер-тылмайды. 2 трактор науқан басы-бері барболғаны 12 гектар ғана

жөндеу жұмысының сапасыз болуы және сумен, жанар маймен тағы басқалары мен тыңғылықты жабдықтамауы салдарынан тракторлардың жиі-жиі тоқтап қалуы, тіпті кей жерде бірнеше күндер бойына жұмыс істемеуі сыяқты елеулі кемшіліктер жоқ емес. Жақын арада КК(б)П облыстық комитеті «Облыс МТС-тарында трактор паркінің жұмысын жақсарту шаралары туралы» қаулы қабылдады. Облыстық партия комитеті өзінің бұл қаулысында трактор паркінің жұмысында және тракторларды егіс жұмысына пайдалануда болған өрескел кемшіліктердің бетін ашып, бұл кемшіліктерді жедел жою және облыс МТС-тарында трактор паркінің жұмысын шұғыл жақсарту шараларын белгілеп берді.

Трактор паркінің жұмысындағы елеулі кемшіліктердің ең негізгісі сол—бірінен МТС-тардың директорлары, бастауыш партия ұйымдары жұмысқа нақтылы басшылық жасамай келеді, олар өткен жылғы сыяқты тракторлардың көп уақыт босқа тоқтап тұруына, сөйтіп жұмыс өнімін кемітуіне көрне-көзге жол беріп отыр. Тракторлар мен тіркеу саймандары техникалық жағынан күту—машина-трактор паркінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ететін ең шешуші шарт. Алайда, көптеген МТС-тарда бұл іс айтарлықтай ұйымдастырылмай келеді. Тракторларды күту, хажетті аспаптар мен жабдықтау жұмысында МТС механиктері зор іс атқаруға тиіс. Бірақ бірінен МТС-тарда олар өз міндетіне атүсті қарап, тракторлар мен тіркеу сайман-

д МТС-тарда жұмыс өнімі оудан да төмен болып отыр. Суворов және Ильич атындағы МТС-тарда әрбір трактормен 12—17 гектар ғана жер жыртылды. Шынында жұмыс тапсырмасын дөмде-дөл орындауға бұларда күш әбден жеткілікті еді.

Трактор паркінің жұмысындағы бұл сыяқты елеулі кемшіліктерге тіпті тезуге болмайды. Бұл кемшіліктерге тезу—егіннен мол өнім алу ісіне көрне-көзге тұқсан келтіргендік болып табылады. Сондықтан жұмыста кездескен бұл сыяқты елеулі кемшіліктерді іс үстінде дереу жою, трактор паркінің жұмысын неғұрлым жақсарту, күнделік жұмыс тапсырмасының мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз ету, жұмыс уақытының бірде-бір минутын босқа өткізбей, көктемгі егістің сапасына баса көңіл бөлу—әрбір МТС және совхоз коллективінің абройлы ісі.

Трактор паркінің жұмысын шұғыл жақсарту үшін тракторшылар арасында социалистік жарыс және өзара тәжірибе ауысу жұмысын күшейте түсу керек. Колхоз басшылары трактор бригадасының өнімді жұмыс істеуі үшін хажетті жағдай жасауға міндетті. МТС директорлары әрбір трактор бригадасының өнімді және саналы жұмыс істеп, колхозбен жасасқан шартты іс жүзінде орындауын қамтамасыз етуге тиіс. Міне сонда ғана трактормен істелетін жұмыс жоспары мүлтіксіз орындалатын болады.

Көктемгі егісті дер кезінде үлгілі аяқтау үшін трактор паркінің жұмысын шын мәнінде жақсарту—ең басты міндет.

Совет Хабаршы бюросынан

15 майдағы ұрыстар мәліметі

Қолға түсірілген неміс солдаттары мен офицерлерін қабылдау ісі барлық майдандарда аяқталды.

Біріккен Ұлттардың Сан-Францискодағы конференциясында

САН-ФРАНЦИСКО, 14 май. (ТАСС-тың арнаулы тілшісінен). Конференцияның сүрлі комитеттері бүгін халық аралық ұйымның уставын тағайындау жөнінде жұмыс істеуде болды. Қазіргі күнде бұл жұмыстың әлі техникалық жағынан өтіп болмағандығы себепті делегация басшылары Сан-Францискодан елдеріне жүріп кетті. Кеше Сан-Францискодан Иден мен Эттли жүріп кетті, бүгін Канада Бас Министрі Кинг жүріп кетпек.

ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы ССР Одағы мен Польша Республикасы арасында достық, өзара көмектесу және соғыстан кейінгі ынтымақ туралы шартты бекітті

1945 жылғы 11 майда ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы Советтік Социалистік Республикалар Одағы мен Польша Республикасы арасында достық, өзара кө-

мектесу және соғыстан кейінгі ынтымақ туралы 1945 жылғы 21 апрелде Москвада қол қойылған шартты бекітті.

Колхоздың егіс жұмысын мұншалықты көшеуілдетуіне қандай себептер бар?

Біріншіден, колхозда үгіт-көшілік және социалистік жарыс жұмыстары нәрменді ұйымдастырылмаған. Бірде-бір колхозшы және үгітші аудандық, облыстық және республикалық қазақ газеттерін алып оқымайды. Үгітшілер тобының меңгерушісі әрі бастауыш комсомол ұйымының секретарі Темірова жолдас үгітшілерді жұмыс учаскелеріне бөлмеген, үгітшілер тобының жұмыс жоспарын жасамаған.

Екіншіден, колхозға Сартмар машина-трактор станциясының көмегі жоқтың қасы болып отыр. МТС директоры Величко жолдас колхозбен дала жұмыстары жөнінде шарт жасасқанда мұнда екі трактор жібермек болған болатын. Бірақ бұл уәде тек қағаз жүзінде қалды. Демек осы уақытқа дейін «Келімбет» колхозына деген тракторлардың біреуі МТС орталығында босқа тұр.

Н. БОЛАТБАЕВ.

ЖАЙБАРАҚАТ ОТЫР

Ленин ауданындағы «Ақ тас» колхозы (Председателі Мұхамеджанов жолдас) көктемгі егісті өткізуде аудан бойынша екінші орында келеді. Мұнда 12 майға дейін егіс жоспары 82,3 процент орындалды. Егіс жұмысы Сталин атындағы колхозда да күннен-күнге өрістей түсуде. Бұл колхозда қазірдің өзінде 2081 гектар егіс егілді. Бұл тапсырманың 70 процентінен артық. Аталған колхоздардың мүшелері көктемгі егісті деркөзінде саналы өткізудің маңызын жете түсінді. Олар еңбек өнімділігін еселеп арттыруда.

Осы аудандағы Санин жолдас председателі болып істейтін «Искра» колхозы мұнда артта қалды. Бұл колхоз көктемгі егіс жұмысын кешіргісіз олқылыққа ұшыратты. Колхозда 4 егін бригадасы болса, олардың бірде-біреуі жұмыс тап-

сырмасын орындап көрген емес. Ал жолхоз председателі Санин жолдас бригадалардың жұмысымен тіпті таныс емес. Ол тек ғана үнемі №2 бригада да жүреді.

Колхозда егіс жұмысының мұншалықты қанағаттанғысыз болуын еңбек тәртібінің нашарлығынан деп түсіну керек. Демек, жұмыс таң ертеңгі сағат 7—8де басталып, ерте аяқталады. Колхоздың басшыларының әйелдері жұмысқа қол тигізбей отыр. Егіс жұмыстарында тек ғана жас өспірімдер жүр. Павличенко жолдас басқарған №3 бригаданың мүшелері жұмысты ерте тоқтатады.

Колхоз председателі Санин жолдас жайбарақаттықтан арылуға тиіс.

А. БУГАЕВ.

Б. ЕЛЕУСІЗОВ

С О В Е Т Т Е Р О Д А Ғ Ы Н Д А

Сталин жолдастың 1 майдағы бұйрығы латыш тілінде басылып шықты

РИГА, 12 май. (ТАСС). Латвия ССР-ның мемлекеттік баспасы Сталин жолдастың 1945 жылғы 1 майдағы бұйрығын латыш тілінде көптеп басып шығарды.

Архангель облысында өзенмен ағаш ағызу жұмысы басталды

Архангель облысының өзендерінде жаппай ағаш ағызу жұмыстары басталды. Оң мыңдаған текнеметр ағаш өзенге құлатылды. Жұмысшылар өзенге ағаштарды тез құлатып, оны айтылмышты жерге тасып жеткізу үшін барлық шараларды қолдануда.

Жаңа консерватория

ССРО Халық Комиссарлары Советі жапындағы Жоғарғы дәрежелі мектептер жөніндегі комитет пен көркем өнер істері жөніндегі комитет Қазанда фортепианошылар, оркестр, әншілер, хор, театр-композитор факультеттері бар консерватория ашуға қарар қабылдады. Консерваторияда оқу быйылғы 1 октябрьде басталады.

(ТАСС).

Москва метрополитеніне 10 жыл толды

Еліміздің астанасының аса зор құрылысы—Москва метрополитенімен пайдалана бастағанына 10 жыл толды. Транспорттың ең мәдениетті әрі шапшаң түрі метро еңбекшілердің тұрмыс игілігіне айналды. Онымен күн сайын 1,6 миллион жолаушы пайдаланады.

Осы өткен уақыт ішінде метро 3 еседен аса ұлғайды. 1935 жылы мұнда ұзына бойына 11,4 километрлік бір жол болса, қазір ұзына бойы 36,7 километрлік жол бар. Өткен 10 жыл ішінде метро арқылы 4,665 поезд жүріп 2,6 миллиард жолаушы тасылды.

Үздіксіз жұмыс істей отырып, метрополитен өзінің қолайлы және неғұрлым хауіпсіз транспорт екендігін ыспаттады. Көптеген және алуан түрлі электро механикалық установкалар іс жүзінде ұзақ уақыт бойына сынаудан өтті. Олар 10 жыл бойына бірқалыпты әрі үздіксіз жұмыс істеуде болды. Еліміздің заводтарын да жасалып шығарылған әртүрлі және көбінесе үр жаңа жабдықтар, механизмдер мен аппаратуралар өздерінің жоғары сапалы екендіктерін көрсетті. Метрополитен неғұрлым жақсартылған жаңа вагондар алды. Олар жолаушылар үшін қосымша қолайлы жағдай жасауда және бұл вагондардың техникалық көрсеткіштері анағұрлым жоғары болып отыр.

Соғыс кезінде метрополитен бомбадан сақтану үшін толық жабдықталған пана ретінде кеңінен қолданылды.

Метрополитен коллективі соғыс заказдарында орындады. 1944 жылы метрополитеншілер оқ-дәрі өндіру жөніндегі тапсырманы 16 процент артық орындады. Метрополитен қызметкерлерінің коллективі неміс басқыншылар ойрандаған темір жолдарды қалпына келтіру ісіне қатысты.

Метро құрылысы соғыс кезінде де тынбай жүргізілді. Метрополитеннің 13,5 километрлік жаңа жолдары—Замоскворецкі және Покровскі жолдарын салудың үшінші кезектегі жұмыстары аяқталып, бұл жолдар пайдалануға берілді. Бұл жолдар алдыңғы қатарлы техникамен қаруланды. Мұндағы станциялар тамаша әшекейленген. Соғыс күндерінде үкметіміз метрополитеннің жаңа жолын салу туралы қарар қабылдады. Төртінші кезектегі жолдың ұзақтығы 20 километр болмақ. Ол қаланың маңызды орталықтарын, негізгі вокзалдарды, парктер мен стадиондарды байланыстыратын болады.

Метрополитеннің жаңа жолы сталиндік ұлы жоспар бойынша Москваны көркейте беру ісіне қосылған зор үлес болып саналады.

(ТАСС).

да несіздікке жол беру салдарынан егіс шығын болды. Фермада 51 адам жұмыстарында жұмыс істеуге тиіс, са, мұның ішінен 21 адам әлі күнге йін өз шаруашылығымен айналы жүр.

Қазір көктемгі егістің нағыз шөпкездені туды. Көктемгі егісті бұдан бы көшеуілдету егіннен мол өнім ала ал қауіпін туғызады. Алайда, бұл жет совхоз директоры Гаушкев және пар ұйымының секретарі Гунченко жолдас ды зөредей болса да абыржытатын е

Тұрасын айту керек, совхоз колл екві Киров атындағы совхоз коллективі бастамасы бойынша, Бүкіл Қазақстанд социалистік жарысқа ұштасып, егін мін молайту жөнінде ұлғайтылған мін темелер ала тұрса да, мұнда сол мін темелердің орындалуы сылабыр бол отыр. Бұған, совхоз жұмысшылары а сында социалистік жарыс жұмысын дағыдай ұйымдастырмаған совхоз ба лары кіңәлі.

Әдебиет институтының мерекелік сессиясы

Ленинградтың әдебиет институты ССРО ғылым Академиясының 220 жылдығына арналған ғылыми сессия ашыл

Сессияда тіл ғылымдарының доктор профессор Л. А. Плоткин «Ленин Сталин және совет әдебиеті» деген та рыпта баяндама жасады.

Институтте ССРО ғылым Академия шығарған кітаптар мен газет, журналдардың, өткен 220 жыл ішіндегі әдеб жұмыстарына арналған көрмесі ашыл (ТАСС)

Оралдың болат қорытушылары болатты тездетілген әдіспен қорытуда

Чусовой заводтың болат қорытушылары соғыстан кейінгі алғашқы кү еңбекте зор жетістіктерге жетумен өт ді. Атақты болат қорытушы Коврян дас соғыс кезінде тездетілген әдіспен рет болат қорытып, жеңіс қорына жүз ген тонна метал өндірді. 10 майда соғыс аяқталғаннан бері тұңғыш рет лат қорытып, жұмысты мерзімінен 2 гат бұрын аяқтап шықты. №3 ж №4 пештерде болат қорытушы алды қатарлы коллективтер соғыс аяқтал ған бері 100 тоннадан аса жоғарғы палы болат өндірді. (ТАСС).

ССРО Халық Комиссарлары Советінің қолға түскен паттарды қайтару ісі жөніндегі өкілі генерал-полковник Ф.И. Голиковтың ТАССтың тілшісімен әңгімесі

Тілшісі ССРО Халық Комиссарлары Советінің қолға түскендерді қайтару ісіндегі өкілі генерал-полковник Ф.И. Голиковқа жолығып, одан тұтқыннан азат етілген совет азаматтарының, сол сияқты Қызыл Армияда одақтас мемлекеттердің паттарды қайтару ісіндегі жайын сұрады.

Генерал-полковник Голиков мәндем жасады:

Миллионға жуық совет азаматы құлдықтан құтқарылды. Бүгінгі таңда 1.600 мыңнан аса азамат өзінде отанына қайтып келеді, колхоз даласында тағы еңбек етіп жатқан үйлер қайтқан жақын қарсы алып, қуанышқа бөленіп отыр. Бұрын қолға түскендерді Финляндия, Польша жеріне қайтару ісіндегі өзінде негізінен алғаны. Румыниядан, Венгриядан, мен Югославиядан адамдарды ақталып келеді. Мысалы, Финляндиядан 100-520 адам, Румыниядан 0.000 адам қайтарылды. Германия Армия алған жерлері, Чехословакияның азат етілген бұрын қолға түскен адамдар жұмысы қызу жүргізіліп жатыр, әлі де болса фашистердің тұтқындар, азат болу сағатын күн азаматтарымыз көп.

мен қыздары немістің құлдық болған совет республикаларына қарсы алуға.

Республикалардың халықтары Советтері мен облыстық комитеттерінің жанынан қолға түскендерді қайтару ісін басқаруға құрылды; қабылдайтын жерлерін пайдалануға ұйымдастырылаулы азық-түлік, сырт киім киім қоры жасалды; мұқтаж беруге қаржы қоры бөлінді.

Біздің одақтастарымыз немістермен совет азаматтарынан алынған азат етті. Бұған Батыс жерінен соңғы кезде азат адамдар қосылмайды. Олар әлі толық анықталған жоқ. Азық-түлікке небәрі 35 мың ғана. Қазіргі кезде Франция, Италия, Англияның және Американың

қарып келген. Бұл лагерьдегі совет азаматтары мүлдем тәзгісіз жағдайда болған. Олар № 1 лагерьде неміс басқармасы басқарған немістермен бірге ұсталған. № 35 және 40 лагерьлер айнала тікелей сымдармен қоршалған күзет мұнараларына пүлеметтер орнатылған. Ондағы адамдар жер қазу жұмысында тәулігіне 10—12 сағаттан жұмыс істеген, киімдері өте нашар болған. Лагерьге совет генералы барған кезде ондағы адамдар қуанышынан жылап жіберген, өздерінің Советтер Одағына тез қайтарылуын сұраған.

Лагерьге біздің генерал барған кезде Америка басқармасының өкілі полиция полковнигі Леффорти бұл кемпіліктер жойылады, жақсы-тәртіп орнатылады деп сенім берген.

Бұл лагерьлерден АҚШқа 800 офицер әкелінген. Олардың қайда екені әлі анықталған жоқ. Совет азаматтарын топ-тобымен Америкаға жөнату соңғы кезге дейін үнемі жүргізіліп келген. Бұл жағдай біздің өкілдерімізге айтылмаған.

Англия жерінен біз 300-дей совет азаматын әлі іздеп таппай қойдық.

Әрине, бұл мысалдар қолға түскендерді қайтару мәселесі жөніндегі келісімді бұзу болып табылады. Ол келісім Қырым конференциясы кезінде 1945 жылғы февральда ССРО, Ұлы Британия және Америка Құрама Штаттары арасында жасалған болатын.

Бұдан біраз бұрын совет азаматтары жөнінде Египетте біраз тәзгісіз жағдай болды. Онда совет азаматтарын ССРОға қайтару деп үгіттеуге тырысушылық болды. Бұл жөнінде кейде ашықтан ашық арам ниеттілік әрекеттер, қорқыту әрекеттері істеліп отырған. Бұл жөнінде Андерс бастаған поляк армиясындағылар ерекше көзге түскен деуге болады. Олардың арам ниеттілік әрекеттер жүргізу үшін советтің азат етілген азаматтары тұратын лагерьге баруына кеңінен есік ашылған.

Бұл мырзалар совет адамдарын шоғыртып, оларға ССРОға қайтып барған соңғы тұтқындары отанға қымыс жасаған деп есептеледі-мыс, олар қатты жазаланады-мыс деген есектер таратқан. Қайтқандарды өткізіп отыратын Суэцтегі орыстың соғыс тұтқындары үшін ұйымдастырылған лагерьге бірнеше күн

лы, 1944 жылғы 7 ноябрьде совет азаматтары өзінің мерекесін мерекелеп, совет өлеңдерін айтып, өздері ұйымдастырған еңбекшілер үйірмелерінің ойынын көрген. Сонда немістер біздің адамдарымыздың мереке өткізуіне жол бермеуге неше түрлі әрекет жасаған. Олар фашистік ұрандар айтқан, советке қарсы боқаулы сөздер айтқан, совет азаматтарына тас лақтырған. Бұзақылардың бұл әрекетіне тыйым салынбаған. Мұндағы адамдардың бәрі матрац орнына жүке одеялдар төсеп, жерде жатқан. Бұлардың ішінен ауырғандар неміс лагерьіндегі госпитальға жатқызылған.

Тағы бір айта кететін жағдай мынау: осы мысалдардың бәрін айтып, совет офицерлері Каирдан тұтқыннан босатылғандарды қайтаратын басқармаға телеграмма жіберген, бірақ амал не, жергілікті цензура бұған рұхсат етпеген. Сондықтан басқарма жоғарыда көрсетілген кемпіліктер жөнінде көп кемшілік, осы лагерьлерден келген өз адамдарымыздан ғана тиісті хабар алды.

Қазіргі кезде одақтас мемлекеттердің азаматтарын қайтару жөніндегі істің жайы мынадай:

Қызыл Армияның январьдағы шабуылынан бергі жерде біздің әскерлеріміз алған Германия жерінен 205.000-нан аса соғыс тұтқындары және одақтастарымыздың тағы басқа шет мемлекеттердің азаматтары азат етілді. Солардан осы азатна уақыттың ішінде 64.188 адам өздерінің отандарына қайтарылды. Атап айтқанда азатна ауруларынан және жеке адамдарынан басқа ағылшындар мен американдардың бәрі қазір отанына қайтарылды. Қалғандары транспорт берілісімен дереу жөнелтіледі. Ал, транспорт жөнінде қазір үлкен тапшылық болып отыр.

Совет үкметінің нұсқауы бойынша қолға түскендерді қайтаратын орындар Қырымдағы келісімнен көп бұрын әзірлік жұмысына кіріскен болатын. Орталықта және жергілікті жерлерде қолға түскендерді қайтару жұмысын басқарып, өздеріне жүктелген міндеттерді тез және қолма-қол атқара алатын күшті ұйымдар құрылған болатын. Өзінің бірінші кезекті міндетін атқаруда—одақтас мемлекеттердің азат етілген азаматтарын анықтау, есепке алу жөнінде тұтқындарды қайтаратын орындар бұрын әртүрлі

ды. Мәселен Холм қаласындағы № 319 лагерьде 180 ағылшындар бар деп мәлімденді. Тексеріп қарағанда бұлардың бәрі Германияның түкпіріне немістер әкеткені анықталды. Заған лагерьінде тексеру жүргізілгенде немістердің 50 ағылшынды, қашуға әрекеттенді деген сылтаумен атып өлтіргені анықталды. Брестте Оңтүстік Африканың 370 солдатты бар деп көрсетілді, іс жүзінде онда ешкім болмай шықты.

Азат етілгендерді майдандағы армия тұрған жерден жыйнайтын пункттерімізге және транзит лагерьлеріне жіберу үшін олар тез жыйнастырылып, темір жолмен, самолеттермен тоқтаусыз тез жөнелтіліп тұрады.

Немістердің тұтқыннан азат етілген әскери қызметшілер жыйнайтын пункттер мен лагерьлерде әскер бөлімшелеріне біріктіріледі, ал жай азаматтар дербес топтарға бөлінеді. Олардың ішкі бастықтары тиісті ұлттардың офицерлерінен тағайындалады. Ішкі тәртібі және басқару түрі олардың өз елдерінің әскери тәртібі және заңдары бойынша белгіленеді. Мұқтаж адамдар ішкі киіммен, төсек-орынмен жабдықталады, оларға Қызыл Армияның солдаттары мен офицерлерінің нормасы бойынша жаңа киім беріледі. Бет жуатын сабын, темекі, шырын беріліп тұрады. Еліне қайтарылатын әрбір адам қайту жолында, жыйнау пунктінде және транзит лагерьінде Қызыл Армия солдаттары мен офицерлерінің нормасы бойынша ыстық тамақпен қамтамасыз етіледі.

Совет елінің қолға түскендерді еліне қайтару орындары дәрігерлік жәрдемге мұқтаж адамдарға ерекше қамқорлық көрсетеді. Жыйнау пункттерінде, транзит лагерьлерінде госпитальдар ашылды. Бұл госпитальдар маман дәрігерлік қызметкерлермен және жеткілікті дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілді. Дәрігерлік жәрдемің жақсылап жолға қойылуы нәтижесінде бізде бұл адамдар арасында жұқпалы ауру және өлім-жітім мүлде жоқ.

Одақтас мемлекеттердің кейбір соғыс тұтқындары елдеріне қайтаратын пункттерге жыйналуың белгіленген тәртібін елемей өздері жауапты болып, Москваға өз бетімен жетуге ұмтылады. Мұндайлар тамақ, дәрігерлік жәрдем және жүру,

ОБЛЫСЫМЫЗДА

Балалар салған суреттердің көрмесі

Жақын арада балалар салған суреттердің облыстық көрмесі аяқталды. Көрмеге 67 оқушы салған 98 сурет қойылды. Суреттердің негізгі тақырыбы—Отан соғысы. Облыстық комиссия жақсы салынған 30 сурет пен көшірмені республикалық көрмеге жіберді. Бұл суреттерді салушылар облыстық комсомол комитеті мен облыстық оқу бөлімінің грамоталарымен наградталды. Жас 10 суретшіге сыйлық берілді. Сыйлық алғандардың ішінде Петропавл қаласындағы № 2 орта мектеп оқушысы М. Рохлин, № 44 темір жол мектебінің 8-класс оқушысы Д. Вфремов, Булаев ауданындағы Чистов орта мектебінің 9-класс оқушысы Уәлиев Хасен және тағы басқа да шебер суретші балалар бар.

ҚАРЫЗ ЖАРНАЛАРЫН ҚОЛМА-ҚОЛ ТӨЛЕДІ

Преснов ауданының еңбекшілері Мемлекеттік Төртінші Соғыс Ұтыс Қарызына зор қуанышпен жазылып, жарналарын қолма-қол төледі. Преснов орта мектебінің оқушылары мен оқытушылары 24 мың сомның соғыс қарызына жазылып, ақшасын қолма-қол тапсырды.

Соғыс қарызына жазылу және жарнасын қолма-қол төлеу ісі аудан колхоздарында қызу жүргізілді. «Новый свет» колхозының қарт колхозшылары А. Матвеев, Ф. Гладков, С. Коркин жолдастар әрқайсысы 1000 сомға жеңіс қарызына жазылып, қаржысын қолма-қол жыйнақ кассасына өткізді.

«Ұзын көл» колхозының председатели Айбабин, «Айымжан» колхозының председатели Кенжеғожиң, Әбілдин жолдастар әрқайсысы 1500 сомның, Байан МТСның комбайншысы С. Дүйсекин жолдас 3500 сомның облигациясын қолма-қол ақшаға сатып алды.

С. ШӘЙМЕРДЕНОВ.

ҚОЛМА-ҚОЛ ТАПСЫРДЫ

Ленин ауданындағы «Жарғайың» колхозында Мемлекеттік Төртінші Соғыс Ұтыс Қарызын тарату ісі зор өрлеумен жүргізілді.

Колхоз председатели Ыбыраев жолдас 1500 сомның, Ферма меңгерушісі Исин жолдас 1500 сомның және колхозшы Тайғұлова жолдас 1000 сомның соғыс қарызына жазылып, ақшасын қолма-қол тапсырды.

Бұлардың бастамасын колхозшылар қызу қолдап, соғыс қарызына түгел жа-

АҚШТЫҢ СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ АМЕРИКА БАСПА СӨЗІНІҢ ПІКІРІ

НЬЮ-ЙОРК, 12 май. (ТАСС). Европада жеңіс мерекесі жарияланған күні Американың көптеген газеттері соғыс өндірісінің ықшамдалуына байланысты, таяудағы айларда Құрама Штаттарында болуға мүмкін экономикалық қиыншылықтар туралы мақалалар жариялады. Европада соғыстың аяқталуына байланысты, АҚШтың өнеркәсібі мен экономикасы жөнінен көп қиыншылықтар болуы мүмкін, деп жазады «Н. М.» газеті. Газет Европада соғыстың аяқталуымен байланысты, өнеркәсіпшілердің өндірісті бақылаудан құтылуға тырысатындығын; олардың бұрынғы бірқалыпты «сарынмен» жұмыс істей бастауға көшу үшін қазірдің өзінде барлық жағынан ықпал жасап отырғандығын атап көрсетеді.

«Нью-Йорк Геральд Трибюн» газеті өзінің бас мақаласында қазір АҚШтың алдында күрделі міндеттер тұр, деп жазды. Ықпалды топтар соғыс уақытының барлық шек қоюшылығын жоюды талап етуде. Бұл талапқа қарсы іс істеу үшін ең жоғарғы мемлекет басшыларының шеберлік көрсетуі керек.

Қаражат топтарының «Уолл стрит джорнэл» газеті, Жапонияға қарсы соғысқа хажетті соғыс өнеркәсібінен басқа барлық өнеркәсіптің түрлі шек қоюшылықтардың бәрінен, әсіресе еңбек ақы мәлішері жайындағы шек қоюшылықтан босатылуға тиіс екендігін 9 майда тура мәлімдеді. Жұмысшылардың еңбек ақысын қазіргі мөлшерде қалдыруға тырысу қателесушілік және бұл зиянды іс деп есептейді газет.

«Вашингтон пост» газеті, егер Европада жеңіске жетумен байланысты, соғыс заводтарында жұмыс істеуден босатылған жұмысшылар жұмысқа қайта орналаспастан бұрын Жапонияға қарсы соғыс аяқталатын болса, онда жұмысшылардың ұзақ уақыт бойына жұмыссыз жүру қаупінің күшейе түсетіндігін атап көрсетеді.

«Бизенас уик» газетінің хабарына қарағанда, АҚШтың экономикалық жағдайын талдай келіп, Вашингтондағылар Европада соғыстың аяқталуы мен Тынық мұхиттағы соғыстың аяқталуы арасындағы кезек экономикалық зор қиыншылықтармен ұштасатындығын алдынала болжаған көрінеді.

рлік-тазалық және мәдени үшейтуге керекті аралар қаууда. Алайда, азат етілген аймақтарда одақтас мемлекеттер ретінде қараушылық бірдей болмай отырғанын кет. Біздің адамдарымыз таптысыз, жағдайға ұшы-де жоқ емес. 1945 жылғы келісімді бұзып, азат азаматтарының қай жерде совет өкілдеріне білдірмей аз кездеспейді. Мысалы, пәда тұтқыннан босатыл кайтару ісін басқаратын лагер бар екенін, онда заматы бар екенін анықта лагерлердің бар екені бұл ілдерімізге айтылмаған бо-ді Америка полициясы бас

ған. Совет офицерлерінің және лагердегі қызыл әскерлердің өздері мәселе көтеру арқасында, бұл жауыздық жұмысқа ты ғым салынған. Совет офицерлері мұның үстіне қайтқандарды орналастыратын № 307 лагерде 1.156 офицер мен сол дат бар екенін анықтады. Бұлар Фран циядан, Италиядан, Греция мен Швеиц аридан елге қайту жолында Египетке келген. Бұлардың көбі аталған елдерде немістердің тылындағы партизан отряд тарыла болып, жауға қарсы құралды күрес жүргізген. Советтің әскери қызмет керлері немістерден қолға түскендермен бір лагерде ұсталып, олардың аралары тек сым темірмен ғана бөлінген. Олардың көбі елге қайтуын күткеніне 3 айдан аса уақыт өткен. Совет азаматтары жө-нінде тұтқындағы немістер сан рет төзгі сіз бұзақылық әрекеттер істеген. Мыса-

Германияның ішкі орталығына әкетілгені ал азат етілгендер кейде әртүрлі жаққа орналастырылғаны анықталып жүр.

Сондықтан, қолға түскендерді еліне қайтару орындары сыяқты, майдандағы армия командованиесі орындарының бә-рі де одақтас мемлекеттердің азат етіл-ген азаматтарын іздеп табуға өте көп күш жұмсады және жұмсап отыр, олар ды іздеуге жүздеген офицерлерін жібер-ді. Бұл жұмыс ешуақытта босқа кеткен жоқ.

Кейде одақтас мемлекеттердің соғыс миссияларынан одақтас мемлекеттердің азат етілген соғыс тұтқындарының саны және тұрағы туралы мәліметтер алып тұрдық және алып тұрамыз. Бұл мәлі меттерді біз әр уақыт дереу және ұқып-тылықпен тексереміз, бірақ ол мәлімет тер өте көп уақытта дұрыс болмай шыға

ажет.

Қызыл Армия азат еткен шетел соғыс тұтқындары мен жай азаматтарын мей-мандостықпен қабыл алынуына, жый нау пункттерінде және лагерлерде бол-ған кезде олардың тұрмыс және мәдени хажеті жақсы өтелгендігіне сол еліне қайтарылғандардың өздері және соғыс миссияларының ресми өкілдері толып жатқан мәлідемелерінде, хаттары мен ресми актыларында зор баға берді, бұл баспа сөз бетінде жарияланған мате-риалдардан совет және шетел жұртшы-лығына мәлім. Немістердің тұтқынынан азат етілген ағылшындар мен америка-дарға Қызыл Армияның алдыңғы бөлім-дерінің офицерлері мен жауынгерлері оларға өздерінің наегін, арағын, темекі-сін бөліп бергені туралы біздерге жүзде-ген мәлідемелер жасады».

МҮСРЕПОВ.

Адам баласының атынан

Адам баласына осыныша пәле, осыныша күйзеліс, осыныша бүлік салған, қорлау-зорлау, талаң-тараж, құлдық-сұмдыққа құрылған фашизм мемлекеті тас-талқан болды. Берлин құлады! Берлин кекке суарылған, кекті қол ұстаған совет құралынан құлады! Мос-ква басына хауіпті қара бұлт оралған сонау бір хатер күндердің өзінде-ақ, әлемге таныс салқын үнмен, әлемге та-ныс сенімді әдетімен ұлы Маршалы-мыз Сталин фашизмнің басына қара тү-нек төнер күнді кесіп айтқан болатын Германия қазір сол түнек астында! Совет адамы бостандық, теңдік, елдік, ерлік, ұят, ар, ел-отан деген сөздердің мағынасын өзгеден ерекше терең түсіне-ді. Өйткені, ол бүгінгі күн мен ертеңгі күн үшін ұлы жүресті күні кеше ғана басынан өткізген. Ол елінің несі, ол елі-нің қорғаны. Ол ұлы мағынасында пат-риот. Мен-мен фашистер совет ұлының бұл ерекшелігін ұғынған жоқ, әрине. Көп тілде бір тілек, көп ұлтты елде бір жүрек екенін ұғыну жат еді аған. Ол қыйраған совет қалалары мен бүлінген мәдениет ескерткіштерінің бір ғана қа-лыпта—жауына қатал кесім, ауыр жа-за, кешірімсес кек күткен қалыпта тұ-рып қалғанына да түсінген жоқ.

Бүгін фашизм ордасы өртеніп жатыр. Неміс аспанына совет қырандарын жо-латпаймын деп ант еткен Герингтің тап-өз ордасына ауыр бомба түсіп, талқан-

дап тастады. Өлде қашан өлген ұлы ақын Гейнеден бастап, бесіктегі балаға дейін бақылауға алып отыратын Геста-поның үйі жанып кетіпті.

Бұдан 4 жыл бұрын өрмекшінің ауын-дай тартылған шым-шытырық көп жол дармен, сүмен, жермен, аспанмен, сол Берлиннен біздің елге қарай жарақты жау, жер қайысқан қол аттанып еді. Құлдық пен зорлық, қорлауы мен зор-лауын ала аттанып еді. Бүгін сол көп жолдармен, сүмен, жермен, аспанмен жау ды өз апанына қарай қуған ұлы Қы-зыл Армия жау ордасының төбесіне жеңіс туын көтерді, құлдыққа, қорлыққа қалған елдерге азаттық, қансырағанға—қан, жаусырағанға—жаза апарды. Жау ордасы қызыл тудың алдына ба-сын иді, тізе бүкті, тағзым етті!

—Жасасын совет елінің ұлы қолбас-шысы! Бұдан екі ғасырдан бұрын орыс әске-рі Берлинді тағы бір алған болатын. Немістер Берлиннің кілтін орыс қолбас-шысына тағзым етіп тұрып тапсырған. Ол жолы немістердің рақым күтуге, аяу шылық тілеуге қақылары бар еді. Бұл жолы Берлин олай құлаған жоқ. Есір-кеу, рақым күтуден айрылған Берлин ұлы шашып, зәрін төгіп, алысып құла-ды. Бұл жолы ол рақым тілеуге қақы-сы жоқ, жаза ғана күте алады! Қыйра-ған совет қалалары мен фабрика, за-водтары үшін, көлдей болған көз жаста-ры үшін, арам аяқтары таптаған совет жері үшін ең ауыр, ең әділ жаза керек. Бұл жолы ең ауыр жаза—ең әділ де жаза!

Берлин құлады! Берлин құлаумен бірге таман-тараж

беп құлдық-қорлыққа құрылған фашизм мемлекеті де құлады. Қызыл тудың та-банының астынан ол аман тұра алмай-ды! Фашизмнің басшылары шынында неменеге тұратындарын өздері-ақ көрсетіп жатыр: қай жолмен, қай түрмен болса да құртуға ғана тұрады екен. Дү-ниеге өлім мен бүлік әкелгендердің өмір сүруге не қақысы бар!

Берлин құлады! Берлинмен бірге фашизм құлады: екеуі де тұра алмайды енді! Бірақ, аз-ғын ойлар мен бойға тараған улардан біржола арылу үшін немістің жалпақ елі де қатты бір сілкінуі керек. Өз ішінде тұған зұлымдық үшін, сол зұлымдықпен жөндеп алыспай, өсіріп, өркендеткені үшін өкіне де білсін! Күр өкіну де жет-пейді, сол зұлымдықты мәңгі-бақыт қар-ғап өтетін санаға жетсін. Бұл жерде не-міс елінің есіне неміс ақыны Гетенің бір сөзін түсірсек ерсі де болмас: «Өмір мен бостандық—осы екеуі үшін күнде алысқан адамға ғана лайық!» деген ол.

Адам баласының алдында сонша қыл-мысты болған жеңдеттер мемлекетінің ордасы Берлин біржола құлады. Совет қолбасшылары—Жуков, Конев жолдас-тардың жауынгерлері Берлин төбесіне советтің қызыл туын көтерді. Ол көтеріл-ген жеңіс туы, тарихи мәні бар ұлы жеңістің туы. Ол дүние тарихының жа-ңа белге шыққанын меңзейді!

Советтің қызыл туы Берлин үстінде бүкіл алға басқан адам баласының аты-нан желбірейді!

(«Социалистік Қазақстан» газетінен).

Аяқтады

Жуықта облыстық драма театры Глад-ковтың «Әлде қашаннан» атты пьесасын қойды. Сонымен, театр коллективі 1944—1945 жылдың қысқы маусымын аяқ-тады. Театр коллективі қысқы маусымда қала еңбекшілері үшін 165 спектакль қойды. Мұнымен қатар, театр коллективі 4 ойын-сауық кешін ұйымдастырып, одан түскен қаржыны майданшылардың үй-іштеріне көмек қорына тапсырды. 15 июньде театр коллективі еңбекшілерді мәдениетті қамту үшін Көкшетау облысы-на барады.

Балалар бау-бақша егістерін екті

Явленка орта мектебінің оқушылары 0,15 гектар жерге бау-бақша егістерін екті. Үш қатардан 168 түп акация ағаш-тары және басқа ағаштар отырғызылды. Бақшаның орталығына балалар малина ағаштарын екті.

Үлгілі почташы

68 жастағы Байпақов Нұрқан қарт «Көктерек» колхозында (Октябрь ауданы) колхоз ұйымдасқан күннен бастап, почта-шы болып жұмыс істеп келеді. Ол өзінің қарттығына қарамастан міндетін аброй-мен орындан жүр.

Нұрқан қарт колхозшыларға келген хат-хабарларды дерезінде таратып оты-рады. Ол осындай адал еңбегі үшін жыл сайын бағалы сыйлықтар алады.

М. ТӘЛІПОВ.

Балалар үйлері үшін 404 гектар дәнді егіс

ҚЫЗЫЛ ОРДА. Терең өзек ауданы «1 май» колхозындағы Оржанов жолдастың комсомол-жастар звеносы балалар үйлері-не арнап жоспардан тыс 2 гектар дәнді егіс елді. Мұндай бағалы бастаманы басқа да көп колхоздар қостап отыр. Об-лыста қазірдің өзінде балалар үйлері үшін 404 гектардан аса дәнді егіс егілді.

Жоспардан тыс 100 гектар

ЛЕВЯЖІ. (Павлодар облысы). «Қазақ-стан» ауыл шаруашылық артелінің кол-хозшылары егіс жоспарын орындауда үз-дік шығып, жауды жеңу хұрметіне жос-пардан тыс 100 гектар дәнді егіс егуге ұйғарды. Мұның 20 гектары қазірдің өзінде егілді.

(ҚазТАГ).

тыс бөлегіндегі қарулы күштері бірлес-кен командованиесінің штабы хабар етті. Таракан аралында одақтастар әскерлері авиация мен флоттың көмегімен Жапон-ның Пашусян мұнай промыселдарының шығыс жағындағы жол бойында ұрыстар жүргізу үшін қолайлы шептеріне шабуыл жасады.

Одақтастар самолеттері Жапонның аэ-родромдары мен Борено аралындағы кеме тоқтайтын орындарын, сол сыяқты Фор-моза аралының оңтүстік-батыс бөлегінде-гі және Целебес аралындағы бекіністерін бомбалады.

ВАШИНГТОН, 16 май. (ТАСС). 12 жә-не 13 майда америка самолеттерінің ав-ианосецтерден ұшып шығып, Жапонның Кюсю аралындағы аэродромдары мен бекі-ністеріне шабуыл жасағандығын АҚШ-тың Тынық мұхиттағы флотының штабы хабар етті.

Окинава аралында америка әскерлері жапондықтарға қарсы кескілескен ұрыс-тар жүргізді.

Чехословакия Республикасының Президенті Э. Бенеш Прагаға келді

ПРАГА, 16 май. (ТАСС). Мұнда Чехо-словакия республикасының Президенті доктор Эдуард Бенеш келді. Чехословакия астанасының халқы Президентті қуаныш пен қарсы алды. Э. Бенеш сөз сөйлеп, Қызыл Армияның азат етушілік ролін және достық, өзара көмектесу және со-ғыстан кейінгі ынтымақ туралы совет-чехословакия шартының ерекше маңызы бар екендігін атап көрсетті.

Грециядағы ереуіл

АФИНЫ, 15 май. (ТАСС). 11 майда Пирей мен Салоникідегі темекі фабрика-ларының жұмысшылары, сол сыяқты 800 порт жұмысшылары мен Волос ка-ласындағы банк қызметкерлері ереуілге шықты. Ереуілшілер қымбатшылықтың етек алуымен байланысты еңбек ақы мөлшерін молайтуды талап етуде. Сол сыяқты Волос ауданындағы шоферлер де ереуіл жасады. Афинада бір аптадан бері кино-театр қызметкерлері ереуіл жасау-да.

Жауапты редактор
Ө. ОСПАНОВ.